

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 144 (9206) | 1953 жылғы 21 июль Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Облыс еңбекшілерінің үні

Бұл күндері бүкіл еліміздегі сыяқты облысымызда да партия комитеттерінің партия, совет активімен басқосқан пленумдары, бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстары, сондай-ақ жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның жалпы жыйналыстары өткізіліп жатыр. Бұл жыйналыстарда Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Пленумының және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Берияның партияға қарсы, мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері туралы қаулылары талқылануда.

Облыстың барлық коммунистері, барлық еңбекшілері бүкіл совет халқымен бірге СОКП Орталық Комитеті Пленумының және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулыларын бірауыздан мақұлдауда. Бүкіл совет халқы сыяқты облыс еңбекшілері де империализмнің малайы, партия мен халықтың қас жауы Берияның зұлымдық әрекеттерін қырағылықпен дерезінде көріп әшкерелегені үшін, оны жою жөнінде батыл шаралар қолданғаны үшін СОКП Орталық Комитетіне және ССРО Жоғарғы Советі Президиумына шексіз алғыс айтуда.

Партия мен халықтың жауы Берия шетелдік капиталдың мүдделері үшін Совет мемлекетін әсіретуге және ССРО Ішкі Істер министрлігін Укмет пен Совет Одағының Коммунистік партиясынан жоғары қоюға бағытталған зұлымдық әрекеттер жүргізген. Ішкі Істер министрлігінің орталықтағы және жергілікті жердегі орындарын партия мен оның басшылығына қарсы қорымен шұғылданған. Осындай зұлымдық жолмен ол өкметті басып алуға тырысқан. Арамниет Берия өзінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін Ішкі Істер министрлігінде қызметкерлерді өзіне берілгендігіне қарай жоғарылатып келген. Ол бұл орындардағы адал ниетті адамдарды қудалауға, оларға қысым жасауға дейін барған.

Колхоз құрылысының қас дұшпаны Берия дұн санап өзі келе жатқан социалистік ауыл шаруашылығымызды да

жыйналыстарда сөйлеген шешендердің сөздерімен де дәлелдеуге болады. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қорытындыларына арналған облыстың және қаланың партия активімен басқосқан ҚКП облыстық, қалалық комитеттерінің пленумында сөз сөйлеген Петропавл темір жол бөлімшесі саясаттық бөлімінің бастығы Кочемировский жолдас былай деді:

— Петропавл темір жол бөлімшесінің коллективі Берияның партияға қарсы, мемлекетке қарсы әрекеттеріне қатты ызаланды. Біздің елімізде капитализмді қайта орнатпақ болған буржуазияшы азғын Берияның әрекеттерін жоюға арналған СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын шын жүректен қуаттауда. Теміржолшылар СОКП Орталық Комитетінің және туысқан Совет Укметінің төңірегіне тығыз топтаса отырып, өндірістік жаңа табыстарға жете береді.

Петропавл аудандық партия комитетінің партия, совет активімен басқосқан пленумында «Луч Ленина» колхозының председатели Баукенов жолдас былай деді:

— «Луч Ленина» колхозының колхозшылары мен колхозшы әйелдері СОКП Орталық Комитетінің Берияның зұлымдық әрекеттерін жою жөніндегі қолданған шараларын еңбектегі өрлеу үстінде қарсы алды. Совет халқының правосына қол сұғуға ешкімге жол бермейміз. СОКП Орталық Комитетінің қаулысын алған міндеттемелерімізді мерзімінен бұрын орындау арқылы үнемі қолдан отырамыз.

Қаладағы Шағын двитатель заводы жұмысшыларының жыйналысында сөз сөйлеген механикалық цехтың аға бақылаушы мастери Крушковой жолдас империализмнің жалдамалы агенті, совет халқының бақытты өміріне қастандық жасаған опасыз Берияға жұмысшылардың ызакөнгін айта келіп, олардың тілегін білдірді. Ол өзінің сөзінде былай деді: Біз туысқан партиямыздың болаттай берік біраігін мақтаншы етеміз. Өйткені, партияның біраігі — Совет мемлекетінің мығымас күші, оның аяройм заңы, оның тәуел-

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен өз Отанының күш-қуатын үздіксіз нығайта береді!

Советтік Отанымыз көркейе берсін

Полудень ауданының еңбекшілері халық жауы Берияның совет халқына қарсы, партияға қарсы зұлымдық әрекеттеріне қатты ызалануда.

ҚКП Полудень аудандық комитетінің партия, совет активімен басқосқан пленумында аудандық комитеттің секретары Камалитдинов жолдас баяндама жасады. Ново-Георгиев МТС-нің директоры Штанаук жолдас бүкіл совет халқы сыяқты МТС коллективінің де Берияның қылмысты әрекеттеріне қолданылған батыл шараларды толық қуаттағандығын білдірді.

«Путь социализма» колхозының председатели Могильный жолдас колхозшылардың халық жауы Берияға наразылық білдіріп, отырғандығын қабарлады. Сонымен бірге ол колхозшылардың СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын колхозда берік жемшөп қорын жасап, егін орағына барлық жағынан үлгілі әзірлену арқылы үнемі қолдан отырағандығы жөнінде айтқан пікірлерін білдірді.

Пленум колхоздарға, совхоздарға, басшылықты жақсартып, аудан еңбекшілерін саяси қырағылықта тәрбиелеу жөнінде шаралар белгілеп, тиісті қаулы алды. Аудан еңбекшілері СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын бұлжытпай орындап, Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне бұрығыдан да берік топтаса түседі, делінген қаулыда.

Міндет — әрқашан қырағы болу

ҚКП Совет аудандық комитетінің партия, совет активімен басқосқан пленумы болып өтті.

Баяндамашы және жарыссөзде шығын

Революциялық қырағылықты мейлінше күшейту, арамыздағы бейқамдықты және ашықауыздықты жою міндеті бүкіл партия жұмысын батыл жақсартуды талап етеді. Дңгіме партия белгілеген басшылық принциптерін және партия тұрмысының қағидаларын, ең алдымен коллективтік басшылық принципін бұлжытпай орындау туралы болып отыр.

Азербайжан КП Орталық Комитеті мен Азербайжан КП Баку қалалық комитетінің біріккен пленумы

БАКУ, 18 июль. (СОТА). Жуырда Азербайжан КП Орталық Комитеті мен КП Баку қалалық комитетінің біріккен пленумы болып өтті. Пленумға Орталық Комитеттің және қалалық комитеттің мүшелерімен қатар Азербайжан партия ұйымының көптеген активі қатысты. Пленум Азербайжан коммунистерінің мызғымас бірлігі мен топтасқандығы ұранымен, олардың СОКП Орталық Комитетіне шексіз берілгендігі ұранымен өтті.

Жыйналғандар Азербайжан КП Орталық Комитетінің Секретары М. Т. Якубов жолдасстың СОКП Орталық Комитеті Пленумының қорытындылары туралы баяндамасын зор белсенділікпен талқылады.

Баяндамашы, сол сыяқты, жарыссөзде сөйлеушілер СОКП Орталық Комитеті Пленумы қарарының және азғын арандатушы, халықаралық империализмнің агенті Берияның қылмысты әрекеттерінің әшкереленуінің партия мен бүкіл совет халқы үшін зор маңызы бар екендігін атап көрсетті.

Азербайжан КП Орталық Комитеті мен Баку комитетінің біріккен пленумы өзінің бірауыздан қабылдаған қарарында СОКП Орталық Комитеті Президиумының Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттерін жою жөніндегі батыл шараларының кезінде және дұрыс қолданылғандығын, СОКП Орталық Комитеті Пленумының Берияны партиядан шығару және оны партия мен совет халқының жауы ретінде сотқа беру жөніндегі қаулысын мақұлдайтынын атап көрсетті.

Пленум Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қарары саяси маңызы зор документ болып табылатынын, партия қатарын және Совет мемлекетінің қуатын оған әрі нығайту ісінде біздің партиязы бен совет халқы үшін

дерінің ұсыныстарын елемеді, аса маңызды мәселелерді бір өзі ғана шешіп отырды. Азербайжан КП Орталық Комитетінің бюролары мен пленумдарында аса маңызды мәселелер жөніндегі қаулылар көбінесе асығыс, мұқият әзірлік жасалмай және жан-жақты талқыланбай қабылданып отырды.

Азербайжан КП Орталық Комитетінің бюросы мен пленумдарының мәжілістерінде өзара сынды, әсіресе төменнен көтерілген сынды кең өрістетуге жағдай жасалмады. Осының бәрі Орталық Комитеттің пленумы мен бюросының республикадағы партия ұйымына коллективтік басшылық ету органдары ретіндегі ролін бәсеңдетіп келді.

Пленум Багиров жолдассты Азербайжан КП Орталық Комитетінің бюросы құрамынан шығарып, оны Азербайжан ССР Министрлер Советінің Председателі қызметінен алу туралы ұсыныс енгізді.

Республиканың партия ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктерді тез жою, СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулыларында қойылған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру мақсатында пленум Азербайжан КП Орталық және Баку комитеттерінен, облыстық комитеттерінен, қалалық комитеттерінен және аудандық комитеттерінен партия тұрмысындағы елеулі орынсыздықтарды жойып, республиканың шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық учасоктерінде партия басшылығының әдісін негізінен жақсартуды талап етті, пленум партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының жұмыстарындағы кемшіліктерді жою үшін бірқатар практикалық шаралар белгіледі.

Азербайжан КП Орталық және Баку комитеттерінің біріккен пленумы ұлы партияның ең қарт және сыннан өткен

Қырағылықты күшейте береміз

ҚКП Приешім аудандық комитетінің партия, совет активімен басқосқан пленумында баяндама жасаған аудандық партия комитетінің секретары Орлов жолдас СОКП Орталық Комитетінің Пленумының қорытындыларын айта келіп, Берияның қылмысты әрекеттеріне тоқталды.

Баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеушілер Коммунистік партияның елімізге барлық жағынан дұрыс басшылық жасап, совет халқының тұрмыс дәрежесін жақсартып, оны коммунизмге бастап келе жатқандығы туралы айтты.

— Партия мен халықтың жауы Берия,— деді аудандық Совет атқомінін председатели Қоспанов жолдас, —туысқан совет халқы арасында ұлт араздығын туғызғысы келді. Оның бұл әрекеті іс жүзіне аспады. Социалистік құрылыс, совет халықтарының мызғымас достығы шынығып, нығая түсеті. Қазақ халқы ұам орыс халқымен өмірлік достықты нығайтып, оны одан әрі дамыта береді.

Приешім МТС-нің директоры Сердюк жолдас МТС жұмысшылары мен қызметкерлерінің Берияның партияға қарсы, мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері жөнінде СОКП Орталық Комитетінің қолданған батыл шараларын қажырлы еңбек үстінде қарсы алып, оны толық қуаттайтындығын білдірді. Жаулардың қандай тіміскілену әрекеті болса да іс жүзіне аспайды деді ол.

Надеждин жетіжылдық мектебінің директоры Сафиханов жолдас революциялық қырағылықты күшейтудің қажеттігі туралы айтты. Біз, деді ол, совет адамдары саяси қырағылығымызды арттырып, советтік Отанның күлденуі жолында аянбай еңбек етеміз. Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасамыз.

Пленумға қатысушылар қаралған мә-

жасратуға тырысып, ауыл шаруашылығы саласындағы аса маңызды мәселелерді шешуге қасқандықпен әдейі келергі жасап келген. Оның бұл жөніндегі мақсаты елімізде азық-түлік қиыншылықтарын туғызу болған.

Азғын Берия көп ұлтты социалистік мемлекеттің негіздерінің негізі және туысқан советтік республикалардың барлық табыстары мен жеңістерінің басты шарты — ССРО халықтарының достығын бұзу, халықтардың арасында араздық туғызу әрекетін жүргізген. Сөйтіп, Берия өзінің шектен асқан зұлымдығымен одақтас республикалардағы буржуазияшыл-ұлтшыл элементтерді жандандыру жолына түскен.

Адамгершіліктің, коммунистің бейнесінен жұрдай болып айырылған авантюрист Берия буржуазияшыл азғынға айналған, демек, іс жүзінде халықаралық империализмнің агенті болған. Сайып келгенде, ол елімізде капитализмді қайта орнатуға, халқымызды аяқатты, мәдениетті тұрмыстан, қызықты, бақытты өмірден айыруға тырысқан. Ол бейбітшілікпен тұрмыс жасап, өмір сүру жолына түскен халықтардың мызғымас достығына нұқсан келтіруді өзінің негізгі мақсаттарының бірі етіп қойған.

Ұлан-байтақ еліміздің барлық еңбекшілерімен бірге біздің облыстың еңбекшілері де жау Берияның жантүршіктіретін қылмысты істеріне қатты назаланып, оның бұл ісінен өздеріне тиісті қорытынды жасауда. Мұны редакцияға облыстың кәсіпорындарында, колхоздарында, совхоздарында, МТС-терінде, мекемелерінде, оқу орындарында өткізіліп жатқан жыйналыстар туралы түскен хабарлармен де, ол

сіздіңің кепілі болып табылады. Жаулар қалай бүркемеленсе де біз оларды әшкерелеп, партия мен халықтың бірлігін көздің қарашығындай сақтауға ант етеміз.

Міне, редакцияға түсіп жатқан хабарлардың қысқаша мазмұндары осындай. Бұл совет халқының СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасқандығының, Коммунистік партияға, оның ішкі, сыртқы саясатына толық сеніммен қарағандығының, ол саясаттың бұдан былай да сөзсіз жеңе беретіндігіне ешбір күдіксіз сенетіндігінің сөйіспаттамасы. Бұл көп ұлтты совет халқының мызғымас достығының, бірлігінің, өз мемлекетіне сүйіспеншілігінің ембелісі.

Жау Отанымыздың күш-қуатының нығаюын, халық дәулетінің өсіп өркендеуін көре алмайды. Олар советтік құрылыстың дамуына барынша кедергілерін жасап бағады. Сондықтан мұның өзі әрбір совет азаматынан революциялық қырағылықты мейлінше күшейтуді, бейқамдықты, ашық ауыздықты жоюды талап етеді. Жергілікті партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдары партия мен халықтың қас жауы Берияның ісінен тиісті қорытынды шығара отырып, барлық еңбекшілерді революциялық қырағылық рухында тәрбиелей бігулері керек. Идеологиялық жұмыстың барлық саласын күшейте отырып, еңбекшілерді коммунизм ісінің жеңімпаздығына сену рухында, партияға, социалистік Отанға шын берілгендік рухында тәрбиелей білулері керек. Сөйтіп, ешбір жаудың сүйікті Отанымыздың дәулетіне, халқымыздың бақытына қол сұғуына жол бермеу үшін күресейік!

ССРО Орта машина жасау министрлігін құру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

ССРО жалпыодақтық Орта машина жасау министрлігі құрылысын, оған ССРО Министрлер Советі бекіткен тізім бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар беріледі.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Жоғары мектептер жаңа оқу жылы қарсаңында

Еліміздің 800-ден аса жоғары оқу орындары студенттердің жаңа тобын қабылдауға әзірленуде. Тек қана Москваның жоғары оқу орындары быйылғы жылы 82 мың жас жігіттер мен қыздар қабылдайды. Жаңа жоғары оқу орындары ашылады. Олар: астанадағы кәсіпшілік кооперациясының жоғары мектебі, Новосибирскідегі байланыстың электротехника институты, Красноярскідегі ауылшаруашылық институты, Семейдегі медицина институты. Көптеген мұғалімдер институттары педагогикалық институттарға айналдырылды.

Жастардың университеттерде оқуға деген ынтасы зор. Ал, университеттер одақтас республикалардың бәрінде де бар. Олар 28 мың студент қабылдайды. Москваның М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университеті сырттан оқушыларды қоса есептегенде 4 мыңға

жуық адам қабылдайды.

Биологияның, көмір және мұнай өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын механикаландыру мен электрлендірудің мамандарын даярлау артады. Москваның И. В. Сталин атындағы кен институты өндіріс және кино механика процестерін автоматтандыру жөніндегі инженерлерді, В. М. Молотов атындағы энергетика институты заводтың жылу қуаты шаруашылығы жөніндегі инженерлерді, Москва қалалық атқару комитетінің құрылыс институты құрылыс бұйымдары мен бөлшектерінің заводтарын жобалау, салу және пайдалану жөніндегі инженерлер даярлауды көбейтеді.

40-тан аса баспалар жоғары мектепке арнап білімнің барлық саласы бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде. (СОТА).

партияға қарсы қылмысты әрекеттері жөнінде СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын бірауыздан мақұлдады.

—Халық жауы Берия туысқан совет халықтарын бір-бірімен араздастырып, халықтардың мызғымас достығын жойғысы келді, —деді Қыялы астық совхозы партия ұйымының секретары Бабкин жолдас. Бірақ оның бұл әрекеті іске аспай, Орталық Комитеттің қырағылығы арқасында жау деркезінде әшкереленді.

Сөз сөйлеген аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Хорольский жолдас Орталық Комитеттің қаулысын бірауыздан мақұлдайтынын білдірді. ҚЛЖО аудандық комитетінің секретары Мұқашов жолдас аудан жастарының елімізде коммунистік қоғам орнатуда партияның сенімді, жауынгер серігі болатынын айтты.

Пленумға қатысушылар революциялық қырағылықты күшейтіп, орын алған кемшіліктерді жою үшін практикалық шаралар белгілеп, тиісті қаулы алды.

ерекше маңызы бар екенін атап көрсетті.

Пленумының жұмысы сын мен өзара сын кеңінен және батыл өрістетілген жағдайда өтті. Осының нәтижесінде Азербайжанның партия, совет орындарының жұмысындағы елеулі кемшіліктер ашылды.

Азербайжан КП Орталық және Баку қалалық комитеттерінің және олардың бюролары мен секретарларының жұмыс практикасында, деп атап көрсетілген қарарда, коллективтік басшылықтың партиялық принципі бұрмаланды.

Ұзақ уақыт бойына Азербайжан КП Орталық Комитетінің бұрынғы бірінші секретары М. Д. Багиров жолдасның тарапынан басшылық етудің теріс стилі қолданылып келді. Ол кадрларды іріктеп алудың партиялық принципін өрескел бұрмалануына жол берді, басшылық етудің партиялық әдісі орнына әкімшілік қолданды, Орталық Комитеттің мүшелері мен бюро мүшелерінің праволарына қысым жасап, тіпті аз да болса сынауға жол бермеді, Орталық Комитеттің бюро мүше-

лерінің бірі Азербайжан партия ұйымы өз жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктерді жою алады, сөйтіп, бұдан былай да Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің адал және сенімді тірегі болады деп Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне сенім білдірді.

Пленум Бакудың және бүкіл Азербайжан партия ұйымының коммунистері жоғары саяси сауаттылық көрсеткенін олардың және Баку партия ұйымының даңқты большевиктік дәстүрлеріне сай екенін атап көрсетті.

Азербайжанның партия ұйымы өз қатарын СОКП Орталық Комитетінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастырып, оның басшылығымен Азербайжан еңбекшілерін партия мен үкмет қойып отырған саяси-шаруашылық міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру күресіне бастайды.

Пленумының жұмысына СОКП Орталық Комитетінің Секретары П. Н. Поспелов жолдас қатысты.

селе бойынша қаулы қабылдады.

Бірауыздан мақұлдады

Ленин ауданының еңбекшілері СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Берияның қылмысты әрекеттерін жою жөнінде қаулыларын толық қуаттауда. Аудандық комитеттің партия, совет активімен басқосқан пленумына 200-ден астам коммунистер қатысты.

Пленумға қатысушылар Орталық Комитеттің Берияның мемлекетке қарсы, партияға қарсы зұлымдық әрекеттері жөнінде деркезінде және батыл қолданған шараларын бірауыздан мақұлдап, Орталық Комитетке шын жүректен алғыс айтты.

Пленум бастауыш партия ұйымдарына, совет және ауылшаруашылық орындарына басшылықтары орын алған кейбір кемшіліктердің бетін ашып, оны жою жөнінде қаулы алды.



Л. ТОЛСТОЙДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҰЙҒЫР ТІЛДЕРІНДЕ

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы Л. Толстойдың «Анна Каренина» романының бірінші томын өндіріске берді, оны қазақ тіліне аударған Ғ. Орманов. Орыстың ұлы жазушысының туғанына 125 жыл толуына байланысты Л. Толстойдың балаларға арналған әңгімелерінің жыйнағы басылуда. Быйыл «Кавказ тұтқыны» дейтін шығарма қазақ тіліне аударылып, басылып шықты. 1955 жылдың аяғына дейін «Анна Каренинаның» екінші томын, және «соғыс және бейбітшілік» дастанын аударып, басып шығару ісі белгіленіп отыр.

Л. Толстойдың шығармаларын қазақ және ұйғыр халықтары мейлінше сүйсініп оқуда. Олар «Хаджи Мурат», «Бородино шайқасы» дейтін және басқа бірсыпыра шығармаларды өздерінің ана тілдерінде оқып отыр. Республикалық кітап палатасының мәліметтері бойынша, Л. Толстойдың шығармалары Қазақстанда 1931 жылдан бері ұйғыр және қазақ тілдерінде жалпы тиражы 110 мыңнан аса дана болып басылған. (ҚазТАГ).

АЛҒАШҚЫ АСТЫҚ — МЕМЛЕКЕТКЕ

Алматы облысының 8 ауданының колхоздары күздік іріктеп ора бастады. Егіс даласына 200-ден аса комбайн шықты. Бастырылған астық дереу колхоз қырмандарына жеткізіледі. Онда газартылып қабылдау пункттеріне жеңілтіледі. Көзір облыста 30-дан аса механикаландырылған қырман жұмыс істейді.

Қабылдау пунктіне Ұйғыр ауданының колхоздарынан алғашқы тонна астық келіп түсті

(ҚазТАГ).



Ақтөбе облысындағы Ойыл ауданының колхоз-совхоз театрының артистері мал жайылымдарындағы малшылар жанына жиі-жиі барып тұрады. СУРЕТТЕ: театрдың артистер бригадасы Темір ауданындағы «Қазақстанның 25 жылдығы» колхозының алыстағы мал жайылымындағы малшыларына концерт беруде. (ҚазТАГ-тің фотохроникасы).

АЛТАЙДЫҢ БАЛЫ

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанның омарташыларында бал жыйнау жұмысы жүргізілуде. Облыстың тұтынушылар кооперациясы жаңа алынған балды дайындауға кірісті. Верхубадағы, Зыряндағы және басқа жерлердегі тұтынушылар кооперациясының қоймаларына алғашқы мыңдаған кило-

грамм жас бал түсті. Алтай балының алғашқы ірі табы Москваның сауда орындарына жөнелтілді.

Быйыл еліміздің өнеркәсіп орталықтарының еңбекшілері үшін бірнеше мың центнер бал дайындау белгіленіп отыр.

КОЛХОЗАРАЛЫҚ ЖАҢА СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). «Гипросельэлектронь» украиндық филиалының экспедициясы Жетісуда колхозаралық ірі жаңа су электр станциясының құрылысы үшін зерттеу жұмыстарын аяқтады.

Тентек өзенінде қуаттылығы 1200-ден 3 мың киловатқа дейін жететін автоматтандырылған Төменгітентек СЭС-і жобалана бастады. Мұнымен қатар Лепсі өзенінде салынатын Антонов, Ақсу өзенінде салынатын Абакум, Ортатентек өзенінде салынатын Успенск, Көксу өзенінде салынатын Буденновск СЭС-терін жобалау да басталды.

Жаңа су электр станциялары Алакөл, Держинский, Андреев, Сарқант, Ақсу аудандарының ауыл шаруашылығын түгелінен, ал Қапал ауданының ауыл шаруашылығын ішінара электрлендіруді жүзеге асыруға көмектесетін біртұтас энергетикалық жүйеге біріктірілетін болады. Жаңа су электр станцияларын іске қосу колхоздың далаларын суаруды жақсартуға мүмкіндік береді.

ЖЕМІСТЕН, ЖИДЕКТЕН, ОВОЩТАН МОЛ ӨНІМ АЛЫНУДА

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Қызылорданың және облыстың аудан орталықтарының базарларында помидор, қыяр, жас картоп, әртүрлі жидек сатыла бастады.

Төңіректегі колхоздарда жидектен, овощтан, жемістен мол өнім алынғалы отыр. Тіпті қарт адамдардың өзі шиенің быйылғы жылғыдай мол зыққан кезін білмейді.

Ерте піскен овощ пен жемістің базар бағасы өткен жылғы жаздағымен салыстырғанда біржарым есе арзан.

Мал шаруашылығы өнімдерін дайындау қарқынын күшейтейік

Сүт дайындауда артта қалушылықты жою қажет

Солтүстік Қазақстан облысының май заводтарының өндірген майларының сапасы республикада алдыңғы қатарлы орындардың біріне ие болып келеді. Велослов, Покровка, Бугровский май заводтарының мастерлері Путинцев, Першин және Никитин жолдастардың май өндірудегі іс тәжірибелерін республиканың барлық май заводтарының қызметкерлері үйренуде.

Алайда, облыста май өндірудің сапасы жақсы болғанмен бұл жөніндегі жоспардың орындалуы мүлдем нашар болып отыр. Жартыжылдық тапсырманы 30 май заводдың бірде-бірі орындай алмады. Бұған негізгі себеп — әсіресе, колхоздар мен совхоздарда мемлекетке сүт тапсырудың төзгісіз баяулықпен жүргізілуі. Сүт дайындаудың үстіміздегі жылдың алғашқы жарты жылының тапсырмасы колхоздарда небары 70 процент, ал, совхоздарда 83 процент ғана орындалды.

Сүт дайындаудың мұнша артта қалушылығын товарлы сүт фермаларында жұмыс өнімділігінің төмен болуынан деп түсіну керек. Өткен жылға қарағанда үстіміздегі жылдың алғашқы 5 айында әрбір сауын сыйырдан 38 литр сүт көм алынды. Бұл өткен қыста малдардың құнарлы азықпен қамтамасыз етілмеуінен, сонымен қатар сауын сыйырларды тәулігіне 3—4 мезгіл саууды және тәулік бойы бағу ісін дұрыс ұйымдастырмағандығынан болған іс. Мәселен, Приешім ауданындағы Сталин атындағы колхозда сыйырларды тәулік бойы бағу және 3 мезгіл сауу көпке дейін ұйымдастырылмаған.

Облыста сүт қабылдайтын пункттер

жеткілікті бола тұрса да кейбір колхоздар мемлекетке май күйінде тапсыру әдісін қолданып келеді. Мұның өзі әрі колхозға, әрі мемлекетке пайдасыз. Өйткені, бұл жағдайда сүтпен алынатын майдың өнімі кемиді. 1952 жылы Приешім ауданындағы Каганович атындағы колхоз мемлекетке сүт орнына айырған май тапсырып, көп зиян шекті. 565 килограмм таз майды белгіленген мөлшерден кем алды. Жағдай осылай бола тұрса да осы ауданның Куйбышев атындағы «Борьба», «Красные веходы» колхоздары дайындау орындарына сүт орнына, май тапсырып келеді.

Облыстың көп колхоздарында сүттің майлылығы кем болып жүр. Преснов ауданының «Прибой», Калинин атындағы, Буденный атындағы колхоздарында сүттің майлылығы 4,2 грамм орнына, 3,4 граммнан аспайды. Мұның өзі колхоз басшыларының алынған сүттің көлеміне ғана назар аударып, оның майлылығын арттыруға мән бермейтіндіктерін дәлелдейді.

Осы жағдайлардың барлығы облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау орындары қызметкерлеріне белгілі. Бірақ, олар малдың санының көбеюіне ғана көңіл бөліп, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға жете назар аудармай келеді. Сол сияқты, май өндіру заводтарының қызметкерлері де өздерінің тікелей міндеті — сүт дайындау жұмысымен жеткілікті шұғылданбайды. Тіпті Қыялы, Петропавл, Белов май заводтарының директорлары Томышев, Воронин және Попов жолдастар қай айда қанша сүт дайындау керек екенін де білмейді. Олар

тек әкелінген сүтті қабылдаумен ісін тіндірады.

Июль және август айлары — сүт дайындау жоспарын орындаудың шешуші айлары. Бұл айларда сүт дайындау жөніндегі өткен жарты жылдықта орындамай қалған және осы екі айдың тапсырмаларын орындау міндеті тұр. Осы мақсатпен аудандық ауылшаруашылық және дайындау бөлімінің қызметкерлері мен колхоз, совхоз басшылары сауын сыйырлардың тәулік бойы бағылып, 3—4 мезгіл сауылуын қамтамасыз етуге тиіс. Сауыншылардың сүт алуудағы жауапкершіліктерін арттырып, олардың әрқайсысының қарауына 10—12 сыйырдан артық берілмеуін қарастыру керек.

Жоспарды орындамаған колхоздарда сүтті басқа қажеттерге жұмсауға жол берілмегені жөн. Ал, қабылдау пункттеріне колхоздардың тек қана сүт тапсыруын қамтамасыз ету қажет.

Сүт дайындауда май заводтарының қызметкерлеріне жауапты міндет жүктеледі. Олар колхоздарда күнбе-күнгі қабылданатын сүттің кемігені немесе оның майлылығының төмендегені жөніндегі фактілерді күнбе-күн жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарына хабарлап, одан нақтылы қорытынды шығарып отырулары керек.

Облыс колхоздары мен совхоздарында июль және август айларында сүт дайындаудағы артта қалушылықты жоюға күш-мүмкіншілік ұшаң-теңіз. Мәселе сол мүмкіншілікті дұрыс пайдалана білуде.

А. ӘЛМӘБЕТОВ,

Қазақ ССР, «Главмаслопромның» дайындау бөлімінің бастығы.

Ауданда сүт дайындау нелікпен баяу

Совет ауданының колхоздары мен совхоздарында сүт дайындаудың жайы нашар болып отыр. Қыялы астық совхозында сүт дайындаудың жылдық жоспары небары 24,3 процент орындалды. Осыған қарамастан совхоз басшылары сүт дайындаудың қарқынын шұғыл арттырудың тиісті шараларын қолданбай келеді. Олар сауын сыйырларды жайып бағуды дұрыс ұйымдастырмаған, товарлы сүт фермаларының жұмысына нақтылы басшылық, бақылау жасап отырмаған.

Мұнда өткен жылы сыйырлардан сүтті көп алу мақсатымен көкшөп конвейері

даудың жылдық жоспарын 13,8 процент ғана орындады. Сүт дайындаудың онкүндік, айлық тапсырмалары үнемі орындалмай келеді.

Бірқатар колхоздарда сүттің талан-таразға түсуіне, оның орынсыз жұмсалуына жол беріліп отыр. Мәселен, «Колос» колхозында 5.300 литр, Сталин атындағы колхозда 1.260 литр сүт мемлекетке өткізілмей, басқа қажеттерге жұмсалған. Бұл колхоздардың председателдері Ткаченко, Кайко жолдастар сауынған сүттің орынсыз жұмсалуына жол берді, оны болдырмауға қарсы ешбір шара қолданбады.

сүт дайындау мәселесі кей уақытта ешбір дәлелсіз талқыланбай кейінге қалдырылады. Мәселен, аудандық Совет атқемінің 1 июль күнгі кезекті мәжілісінде күн тәртібіне «Араласан» колхозында сүт дайындаудың жайы туралы арнаулы мәселе қойылды. Бұл мәжіліске колхоз басшылары да шақырылды. Бірақ, жазылған қаулы жобасының Совет атқемінің председателі Живулина жолдасқа «үнамауы» және оның «өткір» болмауы себепті бұл мәселе кейінге қалдырылды. Әрине, қаралған мәселе бойынша алынған қаулының тұжырымды, өткір болғаны

Соколов ауданында Кәсіподақтардың жергілікті комитеттері председателдерінің семинары

Жақында ҚКП аудандық комитеті кәсіподақтары жергілікті комитеттері председателдерінің семинарын өткізді. Семинарға 35 адам қатысты. Семинарға қатысушыларға СОКП XIX съезі материалдарынан, И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышандық еңбегінен, халықаралық жағдай туралы және басқа тақырыптарда 11 лекция оқылды. Семинарға облыстық кәсіподақ Советінің председателі Островной жолдас қатысты.

Семинардан кейін қатысушылар өздерінің жұмыс тәжірибелері жөнінде пікір алысты. Семинардың қорытындысында ҚКП аудандық комитетінің секретары Козин жолдас сөз сөйлеп, кәсіподақтары жергілікті комитеттерінің міндеттеріне тоқтады.

Колхоз клубы

Аудандағы «Дозор Ильича» колхозында жаңа клуб салынып, ол пайдалануға берілді. Клубта 200 адам сыятын зал, сахна және селолық кітапхана үшін үлкен бөлме бар. Клубтың меңгерушісі болып комсомолка Раиса Мандрыгина жолдас белгіленді. Клуб бұл күндері үгіт-көпшілік жұмыстарын кеңінен жүргізіп, жұмыс уақыты біткеннен кейін колхозшылар мен село интеллигенттерінің мәдениетті демалатын орнына айналды.

13 бөлтірік пен бір қасқыр ұстады

Ұлы Отан соғысының мүгедегі Илья Грачев өзінің баласымен бірге, бір қасқыр мен 7 бөлтірік ұстады. Сол сияқты, Молотов атындағы колхоздың трактор отрядының бригадирі Коржан жолдас қасқырдың апанын қазып, 6 бөлтірік ұстап алды. Грачев пен Коржан жолдастар бөлтіріктердің терілерін аудандық шикізат дайындау мекемесіне тапсырып, ол үшін бағалы сыйлықтар алды.

Жаңа құрылыстар

Үстіміздегі жылы «Красный агроном» колхозы 80 бас мал сыятын бір қора салды. Кәзір құрылыс бригадасы төл ұйын салу жұмысына кірісті. Мұны бітіргеннен кейін шошқа қорасы салынады. Сол сияқты, колхоздың жаппа қырманы да күрделі жөндеуден өтіп, жаңа астықты қабылдауға әзір тұр.

Совет-түрік қарым-қатнастары жайында

Осы жылы 30 майда ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Түркия Республикасының елшісі Хозар мырзаға мынадай мазмұнды мәлімдеме жасады:

«Совет Үкметі, соңғы кезде ССРО-ның көршілес мемлекеттерімен қарым-қатнас мәселелерімен шұғылдана отырып, басқа мәселелердің ішінде совет-түрік қарым-қатнасы жайында назар аударды.

1925 жылғы совет-түрік договоры мерзімінің бітуімен байланысты, совет-түрік қарым-қатнастарын реттеу туралы мәселе екі мемлекет өкілдерінің ресми өңгімелерінде мұнан бірнеше жыл бұрын қозғалып келгендігі мәлім. Бұл өңгімелерде Армян ССР мен Грузия ССР-нің Түркияға кейбір территориялық тілектері, сол сияқты, Қаратеңіз бұғаздары жағынан ССРО хауіпсіздігіне болуы ықтимал қатерді жою жөніндегі, Совет Үкметінің пікірі білдірілген еді. Мұны Түркияның үкімет және жұртшылық топтары ұнатпай қарсы алған еді, ол белгілі мөлшерде совет-түрік қарым-қатнастарында көрінбей қалған жоқ.

Тату көршілес қарым-қатнасты сақтау және бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайту мақсатын көздеп, Армения мен Грузия үкіметтері өздерінің Түркияға қойған территориялық тілектерінен бас тартуды мүмкін деп тапты. Бұғаздар жөніндегі мәселеге келетін болсақ; Совет Үкметі өзінің осы мәселе жөніндегі бұрынғы пікірін қайта қарап, ССРО үшін де, сондай-ақ Түркия үшін де, бірдей қолайлы жағдайда бұғаздар жағынан ССРО хауіпсіздігін қамтамасыз етуді мүмкін деп есептейді.

Сонымен Совет Үкметі Совет Ода-

ғының Түркияға қоятын ешқандай территориялық тілектерінің жоқ екендігін мәлімдейді».

Осы жылы 18 июльде түрік елшісі Хозар мырза ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовта болып, оған Түрік үкметі атынан төмендегідей мәлімдеме жасады:

«Түрік Республикасының үкметі Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрі Жоғары Мәртебелі Молотов мырзаның 1953 жылдың 30 майында Москвадағы Түркияның Елшісіне оқып және тапсырған мәлімдемесінің төмендегі текстімен танысты». (Онан әрі Совет Үкметінің жолдарыда аталған мәлімдемесінің тексті толық келтіріледі). Содан кейін Түрік Үкметінің мәлімдемесінде былай делінген:

«Түрік Республикасының Үкметі ССРО-ның Түркияға қоятын ешқандай территориялық тілектері жоқ деп жариялаған Советтік Социалистік Республикалар Одағы Үкметінің мәлімдемесін қанағаттанғандықпен еске алады.

Түрік Республикасының Үкметі тату көршілес қарым-қатнасты сақтау туралы және бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайту туралы осы мәлімдемеде айтылған қамқоршылық әрдайым Түркия нәрсетіп келген және көрсетіп отырған қамқоршылыққа сай келеді деп мәлімдейді.

Республиканың Үкметі осымен байланысты, Совет Үкметіне мұның мәлім болып отырғанындай, Қаратеңіз бұғаздары жөніндегі мәселе Монтредегі Конфенцияның жағдайларымен реттеліп отырғандығын атап көрсетуді қажет деп есептейді».

Жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік фестивалына қатысушыларға Фредерик Жолио-Кюридің хаты

БУХАРЕСТ, 1 июль. (СОТА). Бүгін Бухарест газеттері бейбітшілік пен достық үшін күресуші жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік төртінші фестивалына қатысушыларға Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председателі Фредерик Жолио-Кюридің хатын жариялады.

Сіздер идея мен тәжірибе туралы пікір алысқан кездеріңізде, делінген хатта, сіздердің спорттық және мәдени коллективтеріңіз жарыстарда кездескенде, қарапайым үміттерден гөрі сіздер адамзатқа көп нәрсе бересіздер, оған халықтар арасындағы туысқандық пен достықтың ұлы үлгі-өнегесін бересіздер. Сіздердің арқаларыңызда екі апта бойы бұл тамаша қала жастықтың, достық пен бейбітшіліктің астанасы болады.

Сіздер өздеріңіздің елдеріңізге, өздеріңіздің халықтарыңыз бен үйлеріңізге қайтып келгеннен кейін ол жерде

де бейбітшіліктің идеясын онан әрі қорғай беріңіздер, халықтардың өзара келісіп, достық өмір жасау үшін жаралғандығын, сондықтан, халықаралық барлық таластарды келіссөздер арқылы шешуге болатындығын өздеріңіз көрсеткен мысалдар арқылы халықтар арасында кеңінен тарата беріңіздер.

Осы ізгі идеяны жүзеге асырушының дәрежесінде қала тұрып немесе сол бола тұрып, делінген одан әрі хатта, біздің заманымыздағы ең ірі қозғалысқа, бүкіл дүние жүзіндегі жүз миллиондаған бейбітшілікті жақтаушылардың ұйымдасқан және біртұтас қозғалысына қатыса беретін боласыздар. Сөйтіп, бейбітшілікті сақтауға көмектесе отырып, сіздер өз праволарыңызды сақтап және осы праволарыңызды өрістетіп беруге мүмкіншілік алатын боласыздар. Сіздер болашақ үшін күресіп отырсыздар. Сіздер өмірдің салтанатын қамтамасыз етіп отырсыздар.

...дәстүрлерімен. Мұның бәрі жақсы нәтиже берді. Көкшөп конвейері қолданылған кезде әрбір сыйырдан тәулігіне 2 литрден сүт артық алынды. Совхоз басшылары өткен жылдың мұндай тәжірибесін бийыл істе кеңінен қолдануға тиіс еді. Амал қанша, олар көкшөп конвейерінің кеңінен қолданылуын бийыл қамтамасыз етпей отыр.

Сүт дайындау ісінің жайы «Араласан» колхозында ойсыраған олқылыққа ұшыраған. Колхозда сауылған сүттің есебі дұрыс жүргізілмейді. Сыйырларды жайылымдарда бағу ісі нашар ұйымдастырылған.

Колхозда сауыншылар арасында еңбек ұйымдастыру ісі нашар. Олардың кейбіреулері екі-үш күн бойына ешбір есебсіз жұмысқа шықпай қалады. Осының салдарынан сыйырлар мезгілімен сауылмайды. Сыйыр фермасының меңгерушісі М. Сәйткереев жолдас фермада еңбек тәртібін жақсартып, істі жолға қоюда дәрменсіздікке, немқұрайлыққа салынып жүр.

Міне, мұның бәрі іске жері әсерін тигізуде. Колхоз осы күнге дейін сүт дайындау ісін жақсартуға қол жеткізгенімен, бұл іс әлі де жетілдірілуі керек.

«Путь к коммунизму» колхозында сүт сыйын сауылған сүттің 150 литрі дайындау орындарына тапсырылмай, ішкі қажеттерге деген желеумен орынсыз жұмсалады. Бұл жағдай колхоздың председатели Садилов жолдасының көз алдында болып жатыр. Бірақ, ол бұған төзумен келеді.

Аудандық ауылшаруашылық және дайындау бөлімі сүт өндіру ісіне күнбе-күн нақтылы басшылық жасамайды. Бұл бөлім колхоз бен совхоз басшыларынан сыйырлардың сүттілігін арттыруды, мемлекетке сүт тапсырудың жайын шұғыл жақсартуды қатты талап етпейді. Бөлім басшыларына жоғарыда аталған колхоздарда сүттің аз дайындалуы, орынсыз жұмсалуы, талап-таражға түсуі жөніндегі фактілер әбден мәлім. Алайда, олар фактілерді тізбектеумен ғана тынып, сүтті талап-таражға салушыларға қарсы тиісті шаралар қолданбай отыр.

Аудандық Совет аткомінде сүт дайындаудың қарқынын арттыру, бұл істе орын алып отырған кемшіліктерді жою жөнінде сөз көп, бірақ істелген жұмыс аз. Аудандық Совет аткомнің мәжілістерінде бұл мәселе өте сирек қаралады. Тіпті

дұрыс. Бірақ күн тәртібіне мәселе қойып, мәжіліске есеп беретін адамдарды шақырғаннан кейін оны қарау қажет еді. Амал не, Живулина жолдасқа бұл мәселені тағы да кейінге қалдыру керек болды.

Сүт дайындаудың ойдағыдай ұйымдастырылмауы және бұл іске басшылықтың нашар болуы үлкен олқылықтың орны алуына әкеліп соғуда. Аудан бойынша сүт дайындаудың жылдық жоспары колхоздарда 35,2 процент, совхоздарда 30,3 процент ғана орындалды.

Сүт дайындау — мемлекеттік маңызы зор іс. Олай болса, Совет ауданының басшылары сүт дайындау жөнінде колхоз, совхоз басшыларына, ферма меңгерушілеріне қатаң талап қойып, сүт тапсыру жоспарының мезгілінде және толық орындалуына жетісулері керек. Бұл үшін ең алдымен фермаларда сауын сыйырлардың күтімін жақсартып, сыйыр саууды үлгілі ұйымдастыру, сауылған сүтті дұрыс есепке алып, оны дереу дайындау орындарына тапсырып отыру қажет.

А. МҰХАМЕТОВ.

ТУЫСПАҚЫ ҚЫЗЫЛ ТУ АЛДЫ

Октябрь ауданындағы «Қызыл ту» колхозында жұмыс істейтін № 12 трактор бригадасының (бригадирі Т. Зікірин жолдас) мүшелері зябь жұртуда жанаямай еңбек етіп, көзірдің өзінде 450 гектар зябь жұртты. Бригада мүшелері тағы да 450 гектар зябь жұртуда міндеттеніп отыр.

Тракторшы З. Тұралин және Қ. Ырсадиев жолдас «АТЗ» тракторымен зябь жұртуда күндік тапсырманы үнемі біржарым-екі есе орындап жүр. Е. Темірбеков, С. Қаббасов, Ахмеджанов жолдас та зябь жұртуда өздерінің қажырлы еңбегімен көзге түсуде.

Бригада мүшелері өздерінің зябь жұртуда ұйымшылдықпен еңбек етуі нәтижесінде МТС-тің ауыспалы Қызыл туына ие болды.

К. АХМЕТОВ.

КОЛХОЗГА КӨМЕК

Ленин ауданының Сталин атындағы колхозында өткен демалыс күні мал азығын дайындау жөнінде жексенбілік өткізілді. Жексенбілікке Ильич атындағы МТС-тің және колхоз интеллигенттері қатысып, бір күннің ішінде 600 центнер шөпті маяға салды.

Б. МҰСТАФИН.

Қазақстан мұғалімдерінің съезінің лайықты қарсы алайық

Коммунистік партия мен Совет үкметі совет мұғалімдерінің мәдени тұрмыс дәрежесінің өсуіне, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының жақсаруына, жасөспірімдердің аржақты білім алып, коммунистік рухта тәрбиеленуіне күнбе-күн қамқорлық жасап келеді. Үкмет пен партияның бұл қамқорлығына жауап ретінде облысымыздың мұғалімдері мен халық ағарту бөлімдерінің қызметкерлері мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда айтарлықтай табыстарға жетуде.

Өткен оқу жылында облысымыздың 269 мұғалімі өздері оқытқан кластар мен беретін пәндерінен оқушылардың түгел үлгеруіне жетісті. Бұлардың ішінде қаладағы Ленин атындағы орта мектептің орыс тілі пәнінің оқытушысы Курбаковская, Ленин ауданындағы Өндіріс бастауыш мектебінің мұғалімі Сайбанова, Торангүл жетіжылдық мектебінің мұғалімі Гаврилова және басқалары бар.

Көзір облыс мектептері Қазақстан мұғалімдерінің 5 август күні Алматы қаласында болатын съезіне үлгілі әзірленуде. Съезд Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарлары негізінде республика мектептерінің жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы мәселелер талқылайды.

Арнаулы пән секциялары жұмыс істейтін болады. Мұғалімдер съезіне халық ағарту бөлімдерінің қызметкерлері, мектеп директорлары, орта, жетіжылдық және бастауыш мектептердің тәжірибелі мұғалімдері қатысады.

Облыс мектептерінің көзіркі кездегі нәзігі міндеті — мектепті жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеп, Қазақстан мұғалімдерінің съезіне өздерінің игі еңбектерімен қарсы алу.

Ленин ауданындағы Александровка селолық Советі депутаттары мен активтерінің, колхозшылары мен интеллигенциясының мектептерді жаңа оқу жылына барлық жағынан үлгілі әзірлеу жөніндегі шақыруын облыстың селолық Советтері, мектептері мен колхоздары мақұлдан қарсы алып, социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Ленин ауданы мектептерінде жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары аяқталып келеді. Оқу және жазу құралдары мектептерге әкелінді. Мұғалімдерге жаңадан пәтер үйлер салынууда. Сол сияқты, Булаев, Мамлют аудандарында да мектептерді ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары айтарлықтай жүріп жатыр.

Алайда, облысымыздың барлық аудан-

дарында бірдей істің жайы бұлай болмай отыр. Преснов (оқу бөлімінің меңгерушісі Осанов жолдас), Соколов (оқу бөлімінің меңгерушісі Маслова жолдас) және басқа аудандарда мектептерді жөндеу және оларға отын дайындау жұмыстары нашар ұйымдастырылып отыр. Соколов ауданындағы 30 мектептің бесеуі ғана жаңа оқу жылына әзір. Жергілікті партия, совет ұйымдары мектептердің жұмысына күнбе-күн көмектесіп отырмайды. Міне, бұл мектептерді жөндеу жұмысын көшеуілдетуге себеп болып отыр.

Оқу жылының табысты болып өтуі, мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының жақсаруы жаңа оқу жылына әзірлікке байланысты өкзін мектеп басшылары мен халық ағарту бөлімдері естен шығармауға тиіс. Жаңа оқу жылына әзірлік кезінде келесі жылы мектептерде оқыттын оқушыларды түгел қамтуға, күзгі сынақтар мен емтихандарға толық әзірленуге, сөйтіп, олардың келесі кластарға көшуін қамтамасыз етуге мектеп басшылары мен мұғалімдер осы бастан жағдай тугызуга міндетті.

Бұл күндері көптеген мұғалімдер мұғалімдердің білімін жетілдіру институты жанынан ұйымдастырылған арнаулы курстарда оқып жүр. Сол сияқты, үстіміздегі жылы педагогикалық училищенің бітірген 37 мұғалім үшін арнаулы курс ұйымдастырылды. Курс орта және жетіжылдық мектептердің 5—7 кластарына математи-

ка, биология пәндерінен сабақ беретін мұғалімдер даярлайды.

Жоғарғы оқу орындарында сырттан оқып жүрген мұғалімдер де жазғы сессия сынақтары мен емтихандарын ойдағыдай тапсырды. Мәселен, Чистов орта мектебінің директоры Марков, Петропавл ауданындағы Шахов мектебінің директоры Сухачев жолдас курс емтихандарын ойдағыдай тапсырып, өздерінің педагогикалық жұмыстарында жақсы нәтижелерге жетіскені үшін Қазақ ССР Оқу министрлігінен сыйлықтар алды. Тек қана қаладағы К. Д. Ушинский атындағы мұғалімдер институтында 395, ал, педагогикалық училищенің сырттан оқыттын бөлімінде 330 мұғалімдер, тәрбиешілер және аға пионер вожатыйлары оқиды.

1953—54 оқу жылында облысымызда жаңадан 9 орта, 22 жетіжылдық мектеп ашылады. Бұл мектептерде жұмыс істеу үшін арнаулы педагогикалық білімі бар, тәжірибелі мол мұғалімдер іріктеліп алынды. Мұнымен бірге, алдымыздағы оқу жылында 790 оқушыны қамтитын қоғамдық интернат жұмысқа қосылады.

Облысымыздың халық ағарту бөлімдерінің қызметкерлері мен мектеп басшылары, мұғалімдер мектепті барлық жағынан жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеп, Қазақстан мұғалімдерінің съезін лайықты табыстармен қарсы алуға тиіс.

А. СЕЙІТБЕКОВ,

Облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 19 июль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін халық әскерлері өткен күні Поньчхонның батысына таман және Синмуктон мен Тындерлидің арасындағы майдан учасітінде дүшпанға қарсы кескілескен ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Бүгін халық әскерлерінің зенит бөлімдері дүшпанның 5 самолетін атып түсіріп, 4 самолетін зияндады.

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздер

ПЕКИН, 19 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарына қарағанда, уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы бүгін төмендегі мазмұндаманы жариялаған:

бөйынша корей-қытай жағының мәлімдемесін оқып шығып, сонымен бұл мәселенің талқылана беруіне шек қойды.

19 июльде делегациялардың толық қатысқан мәжілісінде корей-қытай жағы делегациясының басшысы генерал Нам Ир бітім шарттарының орындалуын қамтамасыз ету туралы мәселе

туралы келісімге қол қоюдан бұрын әртүрлі әзірлік шараларын жүргізу үшін тағы да жабық мәжілістер өткізуге келісті.

20 июльден бастап екі жақтың штаб офицерлері топқа бөлініп кездесетін болады.

Кореядағы уақытша бітім туралы мәселе бойынша келіссөздер жайында

«ЭНФОРМАСЬОН» ГАЗЕТІНДЕГІ МАҚАЛА

ПАРИЖ, 19 июль. (СОТА). «Энформасьон» газетінде Женеваға Табуидың мақаласы жарияланды, онда біржағынан АҚШ, екінші жағынан Англия және Франция араларында Кореядағы соғысты соза беру жөніндегі мәселеде терең қайшылықтың бар екендігі атап көрсетілген. Сол сияқты, Табуи американдардың Кореяда бітімді соза беруіне Париж бен Лондонда ашықтан-ашық тынышсыздандыру тудырып отырғандығын атап көрсетеді.

Кейбір американдардың Кореядағы соғысты соза бергісі келетінін баса көрсете келіп, Табуи одақтастар АҚШ-тың мемлекеттік департаментінің саясатын мақұлдамайды деп жазады. «Егер Кореядағы соғыс созыла беретін болса, — деп жазады Табуи оған әрі, — одақтастардың әскерлері шек-арасын қалпына келтіріп берген Ли Сын Манның мемлекет басшылығында болуы мұнан әрі ақылға сыйымсыз екендігін одақтастардың мемлекеттік департаментке ескертуге праволы екендігін еске алғанда, одақтастармен американдардың арасындағы қарым-қатынасының ерекше қыйын болатындығы сөзсіз. Үш айдан кейін қайтадан соғыс әрекеттерін бастауға өзінің правосын сақтап қалғысы келіп отырған корей президентінің эмиссарларымен бітімге қол қоюға қытайлықтар мен корейліктерде ешқандай негіз жоқ екендігі даусыз.

«Егер Кореядағы соғыс созыла беретін болса, — деп жазады Табуи оған

...Кореядағы бітімнің біздер үшін, француздар үшін, үлкен маңызы бар».

Редактордың орынбасары **Ғ. НҰРМОЛДИН.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ИМПЕРАТОРДЫҢ НАН ПІСІРУШІСІ»

Сеанстар сағат 4-6-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ПОЛК ҚЫЗЫ»

Сеанстар саған 6-8-10-да басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРДА

«МІНЕЗДІ ҚЫЗ»

Сеанстар сағат 7-9-11-де басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.